

БҮГІН ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯЛАРДЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫ

Бүгін жетінші шақырылымдағы Сарыағаш аудандық мәслихатының тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы болып өтті. Комиссия отырысына «АМАНАТ» партиясынан, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясынан және «Ақ жол» партиясынан сайланған аудандық мәслихат депутаттары, аудан әкімінің орынбасары Б.Полатов, қала, кент және ауылдық округ әкімдері, ауданның экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ғ.Мейманбаев және аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы М.Қалдарбеков қатысты.

Күн тәртібіне енгізілген мәселелер:

- 1.Сарыағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №17-117-VII «2022-2024 жылдарға арналған қала, кент және ауылдық округтердің бюджеттері туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы;**
- 2.Сарыағаш аудандық учаскелік сайлау комиссияларының кейбір мүшелерінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.**

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша баяндамашылар баяндама жасап, мәселелер толығымен талқыланды. Баяндамашыларға сұрақтар қойылып, тиісті ұсыныстар берілді. Күн тәртібіндегі мәселелер аудандық мәслихатының кезектен тыс 26 сессиясына жіберілді.